

Г.Ф. Фабул¹, Г.Н. Әміре¹

¹Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ «ММ» ШҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС СИЫРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ МАЛМЕН БУДАН ТӨЛДЕРІНІҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

Түйіндеме. Бұл мақалада Қазақстанның оңтүстік өңірінде өсіріліп жатқан қазақтың ақбас сиыры ірі қара тұқымының және жергілікті малмен будан төлдерінің ет өнімділігінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттей отырып, ет өнімділігі көрсеткіштері бойынша тәжірибелік жұмыс жүргізілген және ет өнімділігінің көрсеткіштерін талдау қарастырылған. Қазақтың ақбас ірі қара тұқымының және будандардың өсіп-жетілу ерекшеліктерін ескере отырып, ет өнімділігін анықтаудың маңызы зор деп есептейміз. Зерттеу барысында тұқымының будан төлдері мен жергілікті малының күтіп-бағу және азықтандыру деңгейінің ұқсастықтарына қарамастан қазақтың ақбас сиыры ет өнімділігі бойынша артық көрсеткіштер көрсеткен. Бұл зерттеулердің маңыздылығы сол, қазақтың ақбас сиыры тұқымын тек қана ет өнімділігі бойынша пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар тұқымды азықтандыру және күтіп-бағу жағдайларын жақсарту жөнінде ұсыныстар бере отырып, тұқымды ет бағытында дамыту еліміздің ауыл шаруашылық бағытына өте тиімді деп есептейміз.

Түйінді сөздер: қазақтың ақбас сиыры, ет өнімділігі, ірі қара, тірідей салмағы, малдың қоңдылығы, етті тұқым, бұқа, сойыс шығымы, ұша салмағы.

• • •

Аннотация. Проведена практическая работа по анализу показателей мясной продуктивности бычков и рассмотрены возможности мясной продуктивности молодняка казахской белоголовой породы и их помесей с местным скотом в условиях КХ «ММ» Жамбылской области. Учитывались местные особенности формирования мясной продуктивности скота - особенности роста и развития казахской белоголовой породы и их гибридов. Исследование показало, что казахская белоголовая порода демонстрирует более высокий уровень мясной продуктивности, по сравнению с их гибридами и с местным скотом, независимо от аналогичного уровня содержания и кормления. Значимость исследований заключается в том, что предложенные, улучшенные способы содержания и кормления бычков казахской белоголовой породы дают преимущества не только при производстве мяса, но и способны развить мясную продуктивность всего крупного рогатого скота.

Ключевые слова: казахская белоголовая порода, мясная продуктивность, крупный рогатый скот, живая масса, убойная масса, упитанность скота, мясная порода, бык, вес туши.

Abstract. This article represents practical work on meat productivity indicators of bulls and considers indicators of meat productivity analysis of the young Kazakh white-headed breed and their hybrids with local cattle at the “MM” farm, Zhambyl region, taking into account the characteristics of the development of livestock meat productivity. It is important to determine the meat productivity of livestock animals, considering features of growth and development of the Kazakh white-headed breed and their hybrids. The study have shown that Kazakh white-headed breeds manifest higher levels of meat productivity than hybrids with local cattle, while the housing conditions and feeding were the same. The significance of these studies is the fact that by improving the the housing conditions and methods of feeding the bulls of the Kazakh white-headed breed, it is advantageous not only for studying them to yield their meat, but also for developing the meat productivity of cattle by following these rules. We believe that the cultivation of meat is very effective in the agricultural sector of the country.

Keywords: Kazakh white-headed breed, meat productivity, cattle, live weight, fatness of cattle, meat breed, bull, slaughtering weight, carcass weight.

Кіріспе. Қазіргі кезде ауыл тұрғындары қолындағы мал басын тұқым түріне қарамастан, сауын сиыр ретінде пайдалануда, ал облыста арнайы ет бағытындағы ірі қара өсіруге арналған ауыл шаруашылығы құрылымдары мен фермалар өте аз. Егер 1990 жылға дейін ет бағытындағы сиырлардың саны 40 мыңнан асса, қазір 2 мыңның шамасында ғана. Дүниежүзілік және өз еліміздегі тәжірибе мамандандырылған ет бағытындағы ірі қара шаруашылығының жеке сала ретіндегі маңызының зор екенін көрсетеді [1-3]. Күрделі қаржы жұмсаудың шектеулілігінен немесе табиғи-климаттық жағдайларға байланысты басқа мал шаруашылығы салаларының өркендеуіне мүмкіндік жоқ. Дегенмен, жекелеген далалы, жартылай далалы, таулы аймақтарында жоғары сапалы ет өндіру мүмкіндігі мол.

Қазақстанда ет бағытындағы ірі қараның жоспарлы тұқымы ретінде санта-гертруда (Іле өзенінің жағалауы және Балқаш өңірлерінде) және галловей тұқымы (таулы аймақтарда) бекітілген. Кейінгі кездері ауқымды құрғақ далалы, жартылай далалы аймақтарды игеру мақсатында қазақтың ақбас және әулиекөл сиыры тұқымдары өсіріле бастады [4,5]. Бұл тұқымдардың оңтүстік шығыс және оңтүстік Қазақстан аймақтарын қамтамасыз ететін алғашқы асыл тұқымды репродукторлары құрылды. Қазақтың ақбас сиыры ірі қара тұқымы республика бойынша өнімділігі ең жоғары, халықаралық деңгейде бәсекелестікке сай келетін тұқым болып саналады. Сол себептен, республикамыздың түпкір-түпкіріне таралуына жол беріліп отыр. Қазақтың ақбас малын республика өңірлеріне кеңінен тарату, оның

әрі қарай өнімдік қасиетін сақтау және одан әрі ұлғайту үшін ғылыми негізделген ұсыныстар керек. Сол себептен жүргізілген ғылыми жұмыстардың маңызы зор деп есептейміз. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде малдарды азықтандыру процесі бұқашықтардың тірідей салмақ көрсеткіштеріне, ет өнімділігі мен сапасына әсерін зерттеу көптеген ғылыми жұмыстарда көрініс тапқан [6-8].

Зерттеулер нысаны мен әдістері. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде етті бағыттағы қазақтың ақбас сиыры тұқымы және жергілікті малмен будан төлдері зерттеуге алынады. Ет өнімділігін ВАСХНИЛ, ВИЖ, ВНИИМП (1977) әдістері бойынша бақылау сойысын жүргізіп анықтадық. Ұша анатомиялық бөліктерге бөлінді: I - мойың, II – иық, III – қабырға, IV - бел, V - құймышақ. Жартылай ұшаның анатомиялық бөліктері бойынша таза еттің салыстырмалы және абсолюттік құрамы, сүйек, сіңір және жеке анатомиялық бөліктердің еттілік индексі анықталды. Сонымен қатар, сиырдың еттілігін анықтау үшін ультрадыбысқа негізделен «Дон-2», «ТУК-2» және «ОУ-УКН-5», «УЗБЛ-2» маркалы құралдарын да қолданудың маңызы зор. Етті бағыттағы ірі қараның ет өнімділігін анықтау үшін, ең бірінші, оның өсіп-жетілу ерекшеліктерін зерттеу қажет. Ол үшін біз селекция тәжірибесінде қолданылатын тәсілдерге тоқталамыз. Ірі қараның дене бітімін өлшеу үшін «индекс» тәсілін қолдануымыз керек. Сонымен қатар, С. Броди, М. Рубнер және С. Боголюбский сияқты ғалымдардың тәсілдерін қолданамыз [9-12].

Зерттеулер нәтижелерін талдау. Аталған зерттеу жұмысы 2018 жылдың қараша айынан бастап, Жамбыл облысы Меркі ауданындағы етті бағыттағы қазақтың ақбас сиырын өсіру бағытына бейімделген «ММ» шаруа қожалығында жүргізілді. Жас төлдердің экстерьерінің өзгерісі өсуі мен дамуы, олардың жаңа туылғандағы, 6, 8, 12, 15 және 18 айлығындағы салмағын өлшеумен және келесі дене өлшемдерін алу арқылы анықталды: шоқтығы мен құймышағының биіктігі, кеудесінің енділігі (жауырын сыртынан алғанда), сербек аралық ені, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеудесінің тереңдігі, кеудесінің және жіліншігінің орамы. Шаруашылыққа пайдалы белгілердің негізінде х, Sx сияқты маңызды селекциялық-генетикалық параметрлер анықталды. Бұл үшін ірі қараларды тәжірибелік топтарға бөлдік: I-топ қазақтың ақбас сиырының бұқашықтары, II-топ жергілікті мал*қазақтың ақбас сиырының будан бұқашықтары, III-топ жергілікті мал. Жергілікті малдың денесі ықшам, сүйегі берік. Сирағы қысқа, төртбақ, мойны қысқа, жуаң жонды, кеудесі кең, төсі салыңқы. Жергілікті мал сиырының салмағы 425-480 кг. Шоқ-

тығының биіктігі – 115-118 см, кеудесінің тереңдігі – 62-65 см, кеудесінің ені – 38-43 см. Денесінің қиғаш ұзындығы – 159-162 см. Кеуде орамы – 178-186 см, жіліншік орамы – 16-19 см.

Етті ірі қара шаруашылығында жас төлдердің өсіп-жетілуі аталған мал тұқымдарын жетілдіруде негізгі бағыт болып, еттік өнімділікті анықтай отырып, селекцияның ең негізгі қағидасы болып саналады. Дегенмен, қалыпты жағдай жасалғанда оның жақсы қасиеттерінің дамуына жол береді. Ірі қара мал шаруашылығын жүргізудің тиімділігін анықтайтын, әрі малдың даму дәрежесі мен ет өнімділігінің деңгейін бейнелейтін негізгі көрсеткіштерінің бірі – малдың тірідей салмағы. Селекциялық-асылдандыру жұмыстары барысында жоғары сапалы ет өндіру үшін жас төлдердің тірідей салмағы, орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері маңызды болып табылады.

Өсу және еттің қалыптасуы түсініктері қатар жүреді. Өйткені жас малдың дамуы кезінде тірідей салмақтың артуы бұлшық ет ұлпасының өсуіне тікелей байланысты. Малдың жастары ұлғайған сайын әртүрлі заттардың ағзада жинақталуы артады. Ұша мен оның құрамдас бөліктері ұлпалардың өсуі арқылы қалыптасады. Сонымен қатар, дәл, нақты әрі мінсіз бағаны тек малды сойғаннан кейін ғана алуға болады (Кесте 1).

Кесте 1 - 18 айлық бұқашықтардың ұшаларының өлшемдері

Көрсеткіштер	Топтар		
	қазақтың ақбас сиыры	Будан	Жергілікті мал
Дене тұрқының ұзындығы	125,3	119,5	117,4
Санының ұзындығы	74,2	70,6	72,2
Ұша ұзындығы	199,5	190,1	184,3
Санының орамы	99,3	93,5	92,2
Ұша салмағы	231,5	220,6	209,9
Еттену коэффициенті	116,0	116,0	115,0
Сан етінің орамының айшықтығы	133,83	132,44	126,6

Барлық топтардағы жас малдың арқа мен бел бөліктері, сандары бұлшық етке толы болғанын атап өту қажет. Барлық жағдайларда қазақтың ақбас сиыры будан тәжірибелік топтың бұқашықтарынан және жергілікті малдан басым түсіп отырды. Дене тұрқының ұзындығы бойынша қазақтың ақбас сиыры 4,6%, санының ұзындығы бойынша 4,8%, ұша ұзындығы 4,7%, санының орамы 5,8%, ұша салмағы

4,7%, еттену коэффициентіне тең, ал сан етінің орамының айшықтығы бойынша 1,03%-ке басым түсті. Қазақтың ақбас сиыры тұқым бұқашықтары жергілікті малдан дене тұрқының ұзындығы бойынша 7,9 см, санының ұзындығы бойынша 2 см, ұша ұзындығы 15,2 см, сан орамының ұзындығы бойынша 1,1 см-ге, ұша салмағы 21,6 кг-ға артық, еттену коэффициенті 1%-ке артық, сан етінің орамының айшықтығы 7,23-ке басым түсті.

Малдың тірідей салмағы, өсу қарқыны, азық шығыны, дене бітімі ет өнімділігін бағалауға толық мүмкіндік бермейді. Малдың ет өнімділігі мен етінің сапасын мынадай көрсеткіштер сипаттайды: сояр алдындағы тірідей салмағы, ұшадағы жеуге жарайтын және жарамайтын бөліктерінің мөлшері, әр түрлі сортқа жататын еттің ара-қатынасы, ет тканьдеріндегі майдың мөлшері, химиялық құрамы және т.б. ұшаның жоғары шығымдылығы және еттегі қоректік заттардың ара-қатынасы тиімді болған жағдайда еттің сапасы жоғары, әрі бағалы деп есептеуге болады. Сол себепті, ірі қара мал тұқымының төлдерін өсіргенде, оларды жайып баққанда және семірткенде, аз уақыт аралығында шығымы жоғары, салмағы ауыр ұша алуға тырысқан жөн.

Қазақтың ақбас сиыры тұқым бұқашықтары және будан бұқашықтар, жергілікті малдың 18 айлық бұқашықтарынан әр топтан үш бастан сойып, оның ет өнімділігі мен сапасын анықтадық. Осы жаста ет өнімділігі жақсы жетіліп, бұқашықтардың белінде ет жақсы өскенін, сан еттерінің жақсы толысып, кеуде жағы тереңдей кеңейгенін, яғни сою мерзіміне жеткенін көрсетті. Сояр алдындағы салмағы, ұшасының және іш майының салмағы, ұшасының шығымы малдың ет өнімділігінің сандық көрсеткіші болып табылады. Бұл көрсеткіштер малдың тұқымына, жынысына, жасына және сояр алдындағы қоңдылығына байланысты. Сол себепті ақбас сиырын жергілікті малмен салыстыра зерттеудің үлкен практикалық және ғылыми маңызы бар (Кесте 2).

Жоғарыдағы кестеден бақылау тобынан сойыстың көрсеткіштеріне қарасақ, бірінші тәжірибе тобының бұқашықтарынан ауыр салмақты, халықаралық стандартқа сәйкес келетін ұша (231,5 кг) алынды. Бұл топтағы бұқашықтардың екінші бақылау тобындағы бұқашықтардан салмағы 96,1 кг-ға немесе 29,6 %-ға тең болды. Тәжірибе тобының ақбас бұқашықтары ұшасының шығымы 4,0%-ға, ал сойыс шығымы 3,8 пайызға, бақылау тобының бұқашықтарынан басым түсті. Іш майының шығымы малдың тұқымына, генотипіне байланысты. Ең жоғарғы іш майдың шығымы екінші бақылау тобында

бірінші тәжірибе тобынан 0,26 пайызға көп болды. Бұны іш майдың шығымының жоғары болуынан, әрі өсу қарқынының төмен болуынан, ет өнімін өндіруге азық шығынының көбеюінен деп түсінеміз. Ал жергілікті мал тобына келетін болсақ, бұл топ қазақтың ақбас сиыры тұқымы және будан бұқашықтардан барлық көрсеткіштер бойынша кем түсті.

Кесте 2 - 18 айлық бұқашықтардың ет өнімділігінің көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар		
	Қазақтың ақбас сиыры	Будан	Жергілікті мал
Сояр алдындағы салмағы, кг	423,1	327,0	290,7
Ұшасының салмағы, кг	231,5	166,1	147,0
Ұшасының шығымы, %	54,8	50,8	50,0
Іш майының салмағы, кг	11,7	9,1	8,8
Іш майының шағымы, %	2,52	2,78	2,66
Сойыс салмағы, кг	266,4	175,2	163,4
Сойыс шығымы, %	54,7	53,6	51,0

Қорытынды. Қазақстанның оңтүстік-шығысында, шөлейт аймақта өсіріліп жатқан қазақтың ақбас сиыры тұқымының етті тұқымға лайықты тұқымдық қасиеттерін толық сақтағанын көрсетті. Экстенсивті жағдайда өсірілген қазақтың ақбас сиыры бұзауларының өсу қабілеті жоғары деп санауға болады. Өсу қарқыны тәжірибе барысында барлық топтарда бірдей еместігі байқалды және ол жыл мезгілінің әр кезеңіндегі күтіп-бағуға және азықтандыруға байланысты өзгеріп отырды. Қазақтың ақбас сиырының жас малының дене құрылысы ет бағытындағы тұқымның көрсеткіштеріне сәйкес келді. Олар жас мөлшерінің бүкіл кезеңінде дене құрылысының барлық өлшемдері бойынша өзіне қатарлас будан малдардан және жергілікті малдан басым түсті. Жыл бойы жайылымда өсірілген 18 айлық қазақтың ақбас сиыры бұқашықтарының ет өнімділігі өте жоғары деп бағалауға болады.

Әдебиеттер

1 Ramsey T.S. *a oth*. Influence of widely diverse finishing regiments and breeding on deport fat composition in beef cattle// J.Anim.Sci.-1972.-P.5, 35.

2 Hinks C.E. Prescott J.N. An evalution of beef carcass quality Anim. Prod.-1972. –P7 2, 15.

3 R.E. Iedesma, E.J. Lease, B.W. Dudley, Proteins of bovine serum// J.Animal Sci. -1968. -№5. –P. 1368-1372.

4 Нургазы К.Ш., Кайруллаев К.К., Кулманова Г.А., Нургазы Б.О., Ф.А.Турганбаева. Рост и развитие молодняка мясных пород // Вестник Государственного университета им.Шакарима, г.Семей №3, 2016, с 193-195.

5 Kuat Nurgazy, Zhanat Iskakova, and Gulzat Gabit. International Journal of Advanced Biotechnology and Research (IJBR) // Selection and Genetic Aspects of Beef Cattle Breed Improvement in Southeast Regions of Kazakhstan, Vol-8, Issue-2, 2017. – pp 705-719.

6 А.Ә. Төреханов, Ж.Қ. Каримов, Даленов. Ірі қара шаруашылығы// оқулық –Алматы: Триумф «Т», 2006. б. 66-70.

7 Ысқақбаев Б. Ірі қара шаруашылығы// оқулық –Алматы «Қайнар» баспасы, 1996. б. 133-140.

8 Пшеничный П.Д. Рост и развитие крупного рогатого скота// Скотоводство. –М., 1961. –Т.1. –С. 12-64.

9 Левантин Д.Л. Теория и практика повышения мясной продуктивности в скотоводстве. –М.: Колос, 1966. с. 408.

10 Жалгасова Л.С., Жыльгелдиева А.А., Заманбеков Н.А. Ірі қара малын азықтандыру кезеңінде микроэлементтерді пайдалану тиімділігі // Ізденістер, нәтижелер. №3(71), 2016, б. 55, 56.

11 Әзілханова Ж., Шаугимбаева Н., Құмғанбаева Р., Құлатаев Б. «Олжа» шаруашылығындағы ірі қара малын бордақылау. // Ізденістер, нәтижелер. №4(74), 2017, б. 38 – 40.

12 Балтабаева Б.А., Қалмағамбетов, М.Б., Интенсивное выращивание ремонтных телок молочного направления продуктивности. // Исследования, результаты. №1(77), 2015, с. 53,54.

Фабум Г.Ф. - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор,
e-mail: gabitgulzat_07@mail.ru

Әміре Г.Н. - магистрант, e-mail: guldariya.amire@mail.ru